

ӘОЖ 81'243:37.02:004

GOOGLE GEMINI ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ ДЕМЕУЛІК ШЫЛАУЛАРДЫ МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ

Жильгелдиева Камшат

«магистрант», Филология факультеті, Қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасы, 7M01701-қазақ тілі мен әдебиеті, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Балтабаева Ж.Қ., п.ғ.д., профессор

Мақалада жасанды интеллектке негізделген Google Gemini платформасы арқылы қазақ тіліндегі демеулік шылауларды меңгертудің жолдары қарастырылады. Демеулік шылаулардың мағыналық топтарын, қызметтік ерекшеліктерін және оларды үйретуде туындайтын қиындықтарды талдай отырып, платформаның диалогтік мүмкіндіктерін, контекстік талдау, автоматты кері байланыс пен адаптивті бағалау функцияларын қолдану арқылы оқушының тілдік құзыретін дамытуға бағытталған әдістер ұсынылады.

Кілт сөздері: Google Gemini, жасанды интеллект, демеулік шылаулар, цифрлық платформа, функционалдық сауаттылық.

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдана отырып, тілдік бірліктерді меңгерту мәселесі өзекті болып отыр. Жасанды интеллектке негізделген платформалар (Google Bard, кейінгі нұсқасы Gemini) білім алушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға, интерактивті тілдік тапсырмалар арқылы тілдік материалды тиімді меңгертуге мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі демеулік шылаулар — сөйлем мағынасына реңк беретін, сөйлеушінің көзқарасын білдіретін функционалдық сөздер тобы. Олар оқушылар үшін күрделі грамматикалық категорияның бірі саналады.

Демеуліктер тілдегі грамматикалық құрылыстың бір элементі болып табылып, олардың құрылымдық кешенді грамматикалық сипаты болатыны сөзсіз. Генезистік дамуы жағынан алғанда, демеулік шылаулардың бұрын негізгі сөз таптары қатарында болғандығы олардың қолдану өрісінен де, сөйлем ішіндегі орнынан да аңғарылады. Кейбір демеуліктердің тұлғасы жағынан қай сөз таптарынан қалыптасқандығын байқау қиын емес. Мысалы, -ай, -ау - одағайдан, қой/ғой, -мыс/-міс демеуліктері -етістіктен пайда болғандығын көптеген түркі ғалымдары қостайды. Тіл ғылымында шылаудың бір түрі болып танылған демеулік шылаулардың өзіндік мағыналары, дыбыстық ерекшеліктері, сөз ішінде алатын орны, сөз таптарына тіркесу ерекшеліктері әбден орнығып, белгілі бір заңдылыққа түсті. Демеулік шылаулардың мағынасы, негізінен, құбылысқа, қимылға сөйлеушінің көзқарасын білдіру болып табылады. «Қазіргі қазақ тілі» (морфология) оқулығында А.Ысқақов күшейткіш демеуліктердің риза болу, шаттану, ренжу, күйіну, мақұлдау, қолдау сияқты мәндерін көрсетеді. Демеулік шылаулардың негізгі белгі-ерекшеліктерінің бірі-пресуппозициялық-имплициттік қызмет атқаруы. Жалпы қазақ тілі демеулік шылауларының саны, сыңарларымен есептегенде, отыз бірге жетеді: да/де, та/те; ма/ме, ба/бе, па/пе; ше; қой/ғой; ғана/қана; тек; -ай, -ақ, -ау; -ды/-ді, -ты/-ті; -тын/-тін; -мыс/-міс; түгіл, тұрсын, тұрмақ, екеш. Оқулықтарда демеуліктердің тілдік жүйедегі мағыналары біршама тұрақты беріледі, ал ғылыми еңбектерде жүйеге түскен негізгі мағыналары және түрлі қолданыстық мәндері, реңктері аралас көрсетіледі.

Демеулік шылаулардың бойындағы күшейткіш мән – олардың негізгі қасиеті де, ал қосымша мағына үстейтін мәндері – көзқарастық, модальдік мағына, тек сол субъектінің көзқарасынан қалыптасқан демеуліктердің негізгі мағыналары әрқайсысының бойына сіңіп, тұрақтанған. Түрліше сөйлеу барысында олардың сол мағыналары бір-біріне ауысып кетеді. Демеулік шылаулардың табиғи мағыналары қолданысқа қарай ауысуымен бірге сөйлемдегі түрлі сөздердің қатысымен, дауыс ырғағы, қимыл-әрекетке, т.б. байланысты өзгеше модальдік мағыналары туындап жатады. Нақтырақ айтқанда, демеулік шылаулардың модальдік мағыналары шексіз, ол тіркескен сөз таптарына қарай, сөйлеушінің ойымен дамып отырады.

Демеулік шылаулардың негізгі мағыналарының қолданыста ауысып келуін жүйелесек, былайша көрінеді:

1-кесте

Күшейткіш демеулік орнына	барлық демеулік
Сұраулық демеулік орнына	да/де, қой/ғой
Шектеу демеулік орнына	-ақ
Демеулік орнына	тек қана, тек ғана
Нақтылау демеулік орнына	да/де -ақ
Болжалдық демеулік орнына	ма/ме, -ау

Демеулік шылаулардың мағыналық түрленуі өздері қатысқан сөйлемге, сөйлемнің алдында айтылған ойға байланысты болып келеді. Бұл ерекшелікті көбіне -ай, -ау демеуліктерінен байқауға болады. Демеулік шылаулардың көрсететін мағыналары көп: даралау, саралау, қосарлана жалғасу, кекесін, таңданыс, қарсылыс, жинақтай қорытындылау, реттілік, тездік, үздіксіз жалғаспалылық, күдік, күмән, қоңылтақсу, істі жеңілдету, көңіл қалу, азырқану, кею, шошыну, режу, қынжылу, кіжіну, ызалану, қапа қалу, аңсау, қалау, тамсана сүйсіну, дүдәмал, белгісіздік, әрі-сәрілік, түсінбеушілік, мақсаттылық, риторикалық, көз жеткізе меншіктей сұрау, болжалдық, нықтаулық, сұраулық, қайталай ескерту, аңғармай қалу, салғырттық, өкіну, т.б. Келтірілген мағыналардың ішінде бір мәнді кейде бірнеше демеулік білдірсе, кейде бірнеше мәнді бір ғана демеулік көрсететін кездері болады. Енді осы мәндерді білдіретін демеулік шылауларды жинақтай жүйеге түсірсек, олар бірнеше топқа бөлінеді. Олар мынадай:

2-кесте.

1) даралау мәнді демеуліктер	да/де, -ақ, -ай, ғана/қана
2) таңданыс мәнді демеуліктер	да/де, -ақ, -ай, -ау, ма/ме, ше
3) кекесін мәнді демеуліктер	да/де, -ақ, ма/ме, ше
4) тездік мәнді демеуліктер	да/де, -ақ
5) кею, шошыну, режу, кіжіну, ызалану мәнді демеуліктер	қой/ғой, ғана/қана, -ақ, -ай, -ау
6) қапы қалу, аңғармай, өкіну мәнді демеуліктер	қой/ғой, ғана/қана, -ау
7) аңсау, қалау, сүйсіну мәнді демеуліктер	ма/ме, қой/ғой, -ай, -ау
8) саралау мәнді демеуліктер	да/де, ма/ме

Жоғарыда аталып көрсетілген мәндерден басқа тағы да бір қолданыстарда демеулік шылаулар өздеріне ғана қатысты модальдік реңктерді білдіріп қызмет атқарады. Олар да/де, -ақ, ма/ме, қой/ғой, түгіл, -мыс./міс, демеуліктері. Бұл демеулік шылаулар қосарлану, қарсылық, шешімге келу, жинақтай қорыту, реттілік, үздіксіздік, қоңылтақсу, істі жеңілдету, көңіл қалу, азырқану, дүдәмал, әрі-сәрілік, мақсаттылық, риторикалық, меншіктей сұрау,

салғырттық, ескерту, болымсыздық, сенімсіздік мәнді білдіре алу қызметі жағынан тағы да басқа бір қолданыстық жүйеге түседі. Олар аталмаған демеулік шылаулардан бөлек топ құрайды.

3-кесте.

1)қосарлана жағаласу, қарсылық, жинақтау, реттілік, үздіксіз жалғаспалылық, шешімге келу, нақтылау мәнді демеулік	да/де
2)қоңылтақсу, істі жеңілдету, көңіл қалу, азырқану мәнді демеулік	-ақ
3)дұдамал, белгісіздік, әрі-сәрілік, күмәнділік, мақсаттылық, риторикалық, меншіктей сұрау мәнді демеулік	ма/ме
4)қайталай ескерту, салғырттық мәнді демеулік	қой/ғой
5)болымсыздық мәнді демеулік	түгіл, тұрсын
6)сенімсіздік мәнді демеулік	-мыс/міс

Ф.Кенжебаева демеулік шылаулардың даму, қалыптасу тарихын сөз етіп, жүйесін беріп, онда негізгі мағыналар мен туынды мағыналар араласып сараланған. Қ.Әміралиев өзінің зерттеуінде қарақалпақ, өзбек тілінде демеуліктер жеке сөз табы болып қаралса, қазақ тілі демеуліктері жалпы шылаулар тобында қарастырылатынын айғақтайды.

К.Аханов мектеп оқушыларына арналған оқулығында демеуліктердің тек негізгі мағыналарын береді, басқа қолданыстағы мәндері аталмайды. Тек -ау демеулігі көңіл күй демеулігі деп берілген, бұл оның негізгі мағынасы емес. Оқулықта демеуліктердің негізгі мағыналары жеті топта жіктелген. Көрсетілген негізгі жүйе Н.Оралбаева, Ғ.Мадина, А.Әбілқасвтардың қазақ тілі оқулығында да сақталған. Бірақ екеуіндегі тежеу демеулігіне жатқызылған «ғана/қана» демеулігінің негізгі мағынасы шектеулік болуы тиіс, ал тежеу мағынасы оның қолданыстық мағынасы болып табылады. Қазақ тіліне арналған қай ғылыми еңбекті қарасақ та, демеуліктердің негізгі мағынасының орнына қолданыста пайда болатын түрлі ренктері айтылады, әр ғалым, зерттеуші түрліше жүйеге түсіріп топтайды. Бұл, әсіресе, жоғарыда аталған ғалымдармен қатар, М.Балақаев, Р.Әміров еңбектерінде кездеседі. Ғалым А.Ысқақовтың топтауында демеулік шылаулардың негізгі мағыналары беріле отырып да, -ай, -ау, -ақ демеуліктерінің қолданыстық туынды мәндері қоса қамтылады. С.Исаев, т.б. ғалымдар А.Ысқақовтың (Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 376-б.) топтауына сүйенеді. Демеулік шылаулардың тілдік жүйедегі негізгі мағыналары деп олардың бойында ертеден қалыптасқан, ғылыми әдебиетте танылған, басқа түркі тілдерінде де кездесетін тұрақты мағыналарын айтады. Осы мағыналарды білдіретін демеуліктерді бір жүйеге түсіріп, оларды «Тілдік жүйедегі демеуліктер жіктемесі» деп атады.

- 1) Күшейткіш демеулік шылаулар -да/де, та/те, -ай, -ақ, -ау;
- 2) Сұраулық демеулік шылаулар -ма/ме, ба/бе, па/пе, ше;
- 3) Тежеу демеулік шылауы -тек;
- 4) Шектеу демеулік шылауы -ғана/қана;
- 5) Нақтылау демеулік шылаулары -қой/ғой, -ды/-ді, -ты/-ті, -тын/-тін;
- 6) Қомсыну демеулік шылауы -екеш;
- 7) Салыстыру демеулік шылаулары -түгіл, тұрсын, тұрмақ;
- 8) Болжалдық демеулік шылауы -мыс/-міс;

Демеулік шылаулардың бұл сегіз негізгі мағыналары қай тіркес, қай қолданыста болсын байқалып, қызметі ешқашан жойылмайды. Шылаулар саласында зерттеуші ғалымдар Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, А.Ысқақов, Н.Оралбаева, М.Балақаев, А.Хасенова, А.Ибатов, М.Оразов, Ы.Шақаманова, Р.Әміров, Қ.Әміралиев, Қ.Қадашева, Ғ.Иманалиева, Ф.Кенжебаева олардың жалпы көрінісін беріп, бірі жалғаулықтардың тарихын, бірі

демеуліктердің мағыналық кей сипатын, шылаудың синтаксистік қызметін жазып, ғылыми пікірлерін берсе, ғалым Ф.Кенжебаева демеулік шылаулардың түрлі сөз таптарынан қалыптасуын, мағыналық ерекшеліктерін септеуліктермен бірге қарастырып, сөз етті. Ы.Шақаманова «Демеулік шылаулардың тілдік жүйедегі негізгі мағыналары белгілі бір қолданыста өзара ауысып келетінін» айта келіп, «да/де, қой/ғой демеуліктері ма/ме сияқты сұраулық мәнде жұмсалады» [4,19] деген қорытынды шығарады. Қ.Әміралиев қазақ, өзбек, қарақалпақ тілдеріндегі демеуліктерді өзара салыстырып, синонимдік жақтарын көрсетсе, Ф.Кенжебаева демеуліктердің грамматикалық мағыналарын жалпылама қамтып, топтарға бөлу арқылы мағына ерекшеліктерін жазған. Ғ.Бегалиев пен Н.Сауранбаев шылауларға: өте, тіпті, мүмкін, сірә, шығар, сияқты, ғой, ғана, мыс, ылғи, тек, үшін, сайын, мейлі, және, да, емес, өйткені сөздерін жатқызады. Басқа сөздің шылауында келіп, мағынаға ие болатын шылауларды аталған авторлар: үстеуіш көмекші, жалғаушы көмекші, демеуші көмекші, күшейткіш көмекші, баянды көмекші, ұйғарынды көмекші деп бөліп тастайды. Демеуліктерге: үшін, сайын, дейін, туралы, арқылы, жалпы, кейін, көрі, қарай, таман, т.б. жатқызады. Демеулік шылаулардың қалыптасу жолдары жалпы шылаулардың даму жолдарымен байланысты екендігінде дау жоқ. Ал шылауларды ғалымдар басқа сөз таптарынан ерекшеленіп тұратын сөз табы деп қарастырады. Екінші бір топ ғалымдар шылауларды сөз табы деп қабылдауға келіспейді. Бұл топтағы ғалымдар көмекші сөздердің сөз табына жатқызылуынан дұрыс деп есептемейді. Бірақ қалай қарағанда да, шылауларды өзіндік мағынасы бар жеке сөз деп қарайға толық негіз бар. Мысалы, *Бұлардың амандасулары да өз салмақтарына қарай әр түрлі болды* (Ғ.М.); *Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат* (Абай) деген сөйлемдегі да, қарай, ғой, мен шылаулары, олардың басқа сөздерден бөлек жазылып, өзіне тән интонацияға ие болып, жеке лексикалық болмаса да, грамматикалық-семантикалық мағынасы болуы оларды сөз деп қарауға негіз бола алады. Оның үстіне шылаулардың бәрі дерлік атауыш сөздерден, демек әуелдегі дербес мағыналы есімдерден, етістік формаларынан шыққаны туралы пікірлер қазір дәлелдеуді қажет етпейді. Демеулік шылаулардың сөйлемдегі өзіндік қызмет атқаруы, біздің пікірімізше, үш түрлі жағдайға байланысты болады:

1) Демеуліктердің өзі тіркескен жетекші сөздерге;

2) Демеуліктердің басқа сөздердің басқа сөздерге тіркескенде пайда болатын грамматикалық мағыналарына;

3) Интонацияға.

Демеуліктер арқылы сөйлеуші мен тыңдаушы үшін аса зор маңызға ие кейбір нәзік семантикалық реңктер беріледі. Соған байланысты оның тыңдаушыға әсер ету дәрежесі де әр түрлі болады. Демеуліктердің басқа көмекші сөздерге қарағанда, қосымша аффикстерге ең жақын сөздер деп танылуы да олардың сөйлеу кезінде жиі қолданылуымен байланысты. Материалдар тілде белгілі бір қосымшалардың о баста дербес сөздер, одан жалғаулықтарға содан кейін демеуліктерге ауысу процесі заңды құбылыс екендігін көрсетіп отыр.

Демеулік шылаулардың 7-сынып Қазақ тілі оқулықтарында берілуіне тоқталар болсақ, Арман ПВ баспасында демеулік шылауларды сөзге немесе сөйлемге күшейту, тежеу, шектеу, сұрау, болжалдық, күмән, нақтылау мәнін үстейтіні айтылып, мағыналық түрі 6 деп көрсетіледі: сұраулық (ма, ме, ба, бе, па, пе, -мы, -мі, -бы, -бі, -пы, -пі), күшейткіш (-ақ, -ау, -ай, әсіресе, да, де, та, те), шектік немесе тежеу (ғана, қана, тек), болжалдық (-мыс, -міс), болымсыздық немесе қарсы мәнді салыстыру (түгіл, тұрсын, тұрмақ), нақтылау мәнді (қой, ғой, -ды, -ді, -ты, -ті).

Атамұра баспасында демеулік шылауларға өзі шылауында тұрған сөзге я сөйлемге күшейту, тежеу, сұрау, болжау, күмән сияқты қосымша мән үстейді деп көрсетіліп, мағыналық түрі 6 болып бөлінеді: сұраулық (ма, ме, ба, бе, па, пе), күшейткіш (-ақ, -ау, -ай,

әсіресе), шектік немесе тежеу (ғана, тек, қана), болжалдық (-мыс, -міс, -ау), нақтылау мәнді (қой, ғой, -ды, -ді, -ты, -ті), болымсыздық немесе салыстыру мәнді (түгіл, тұрсын, тұрмақ).

Мектеп баспасында демеулік шылауларға өзі тіркескен сөздерге я сөйлемге күшейту, шектеу, сұрау, болжау, күмәндану сияқты қосымша мағына үстейді деп анықтама беріледі. мағыналық түрлерінен: сұраулық (ма, ме, ба, бе, па, пе), күшейтпелі (-ақ, -ау, -ай, -да, -де), нақтылық (қой, ғой, -ды, -ді), шектеулік (қана, ғана, тек), күмәндік (-ау, -мыс, -міс), болымсыздық (тұрсын, тұрмақ, тұрғай, түгіл).

Демеуліктердің мағыналары да алуан қырлы. Ол сөйлеуші сөзінің логикалық жағымен де, эмоциялық жағымен де тығыз байланысты: өзі тіркесіп тұрған сөздің немесе толық бір сөйлемнің мағынасын айқындайды, ерекшелейді, экспрессивтік өң береді.

Демеулік сөздің бойындағы абстрактылы мағына өзімен тіркесетін атаулы сөздің ыңғайына қарай түрліше конкреттеніп байқалады. Сонысына орай көпшілік демеуліктер бір емес, бірнеше мағынаның иесі тәрізді болып көзге түседі.

Демеулік шылаулардың мағыналық реңктерін оқушыларға қалай оқытып, қалай үйрете аламыз? Оқушы өзі қызығушылық танытып, өзі ойланып орындайтындай тапсырмаларды қалай құрастырамыз? Осы сұрақтарға жауап табу үшін тапсырмаларды, қызықты жаттығуларды құрастыруда жасанды интеллект платформаларын тиімді қолдана білудің артықшылығы зор болмақ. Әсіресе Google Gemini платформасын демеулік шылауларға қатысты тапсырмалар құрастыру арқылы пайдаланған тиімді.

Gemini – мәтінді түсіну, талдау, түрлендіру қабілеті жоғары мультимодальды модель. Оның мынадай педагогикалық мүмкіндіктерін демеулік шылауларды меңгертуде пайдалануға болады:

1. Демеулік шылаулардың контекстік мағынасын анықтау тапсырмалары.

Платформаның көмегімен бір сөйлемдегі шылауды басқа шылаумен алмастырып, мағынадағы өзгерісті оқушыларға анықтатуға болады.

Тапсырмалардың мақсаты – оқушылардың демеулік шылаулардың сөйлемдегі мағыналық қызметін (күшейту, шектеу, сұрау, нақтылау, т.б.) контекст арқылы дәл тани білу дағдысын қалыптастыру.

Төмендегі сөйлемдерді мұқият оқып, демеулік шылаудың осы контексте қандай мағыналық реңк (қызмет) беріп тұрғанын анықтаңыз:

4-кесте

Сөйлем	Демеулік шылау	Мағыналық қызметі (оқушы жауабы)
Жаназаның жаршылары уақыт талғамайды, осындай түнде де жүре береді.	де	
Жаным-ау, жалыннан жаралғанбысың?	-ау	
Сен-ақ сүйтіп жүреді екенсің.	-ақ	
Бұл қызғаныш, бақталастық деген сол кезде-ақ басталған екен ғой.	-ақ, ғой	
Сонда оның орасан ерлік сезімі сол сәтте ғана оянған жоқ қой.	ғана	
-Әй, сен-ақ араларына от тастап, өлтіретін болдың-ау.	-ақ, -ау	
-Ойбай-ау, мен оны ойламаппын-ау.	-ау, -ау	
Осы өнері одан да жұмысқа жұмсалса ғой, пайдасы шаш етектен болар еді.	ғой	
Сен түгіл апаңның өзі барған жоқ.	түгіл	

5-кесте. Жауап кілті

Сөйлем	Демеулік шылау	Дұрыс мағыналық қызметі
Жаназаның жаршылары уақыт талғамайды, осындай түнде де жүре береді.	де	Даралау мәнді (түнде де)
Жаным-ау, жалыннан жаралғанбысың?	-ау	Таңданыс мәнді (жаным-ау)
Сен-ақ сүйтіп жүреді екенсің.	-ақ	Кекесін мәнді (сен-ақ)
Бұл қызғаныш, бақталастық деген сол кезде-ақ басталған екен ғой.	-ақ, ғой	Тездік мәнді (сол кезде-ақ),
Сонда оның орасан ерлік сезімі сол сәтте ғана оянған жоқ қой.	ғана	Тездік мәнді (тек сен)
-Әй, сен-ақ араларына от тастап, өлтіретін болдың-ау.	-ақ, -ау	Кею мәнді (сен-ақ, өлтіретін болдың-ау)
-Ойбай-ау, мен оны ойламаппын-ау.	-ау, -ау	Аңғармау, өкіну мәнді (ойламаппын-ау, ойбай-ау)
Осы өнері одан да жұмысқа жұмсалса ғой, пайдасы шаш етектен болар еді.	ғой	Қалау мәнді (жұмсалса ғой)
Сен түгіл апаңның өзі барған жоқ.	түгіл	Салыстыру мәнді (сен түгіл)

Осы тапсырмаларды бекіту үшін, оқушыларға демеулік шылаулардың әр түріне (мысалы, күшейту, шектеу, сұрау) арналған өз сөйлемдерін құрастыруға тапсырма беруге болады. Демеулік шылаулардың қолданыстағы мағынасының қалай өзгеретінін оқушының өзіне анықтатуға болады.

Мысалы:

- Сен барасың *ба?* → Сен барасың *ғой?*
- Әкесісіз *бе?* – Әкесімісіз?
- Бүгін ауылға барасың *ба?* – Бүгін ауылға барамысың?
- Қаладан ертең келесің *бе?* – Қаладан ертең келемісің?
- Мұншалықты сұлулықты көріп *не ең?* – Мұншалықты сұлулықты көріппісің?

Платформа мағыналық реңкті салыстыруға мүмкіндік береді.

2. Грамматикалық қателерді анықтау.

Gemini жасанды түрде грамматикалық қате жасап, оны оқушы түзетеді. Төмендегі сөйлемдерде демеулік шылаулар дұрыс қолданылмаған (артық, жетіспейді немесе қате шылаумен ауыстырылған). Оқушылардың міндеті – қатені тауып, сөйлемді грамматикалық тұрғыдан дұрыс етіп қайта жазу.

6-кесте. Қате демеулік шылау енгізілген сөйлемдер:

Қате сөйлем	Қате түрі	Дұрыс нұсқа
Сен-ақ бүгін мектепке кешігіп келдің-ді.	"Сен" есіміне қосылған -ақ тым күшейтіп жіберген, соңындағы -ді күшейту мағынасын қайталайды әрі артық.	Сен-ақ бүгін мектепке кешігіп келдің.
Ол маған кітапты алып берді, мен бірақ ұмытып кеттім-ді.	-ді демеулік шылауы "ұмытып кеттім-ді" дегенге қосылуы мағынаны бұзады.	Ол маған кітапты алып берді, мен оны ұмытып кетіппін ғой.
Оқушылардың бәрі-ақ ертеңгі сабаққа	-ақ мұнда артық, жалпылау есімдігіне шектеу мағынасын	Оқушылардың бәрі де ертеңгі сабаққа дайын ба?

дайын ба?	білдіретін демеулік шылау жалғанған.	
Сен келесің-ау, бірақ мен үйде болмаймын.	Мұндағы -ау (күдік) дұрыс емес, себебі екінші бөлім (бірақ) келудің айқындығын жоққа шығарып тұр.	Сен келесің ғой, мен үйде болмаймын.
Бұл дүкенде алмашы да, анар-шы да жоқ екен.	Екі затты санағанда мұндай -шы (өтіну) қолданылмайды, ол артық.	Бұл дүкенде алма да, анар да жоқ екен.

7-кесте. Жетіспейтін немесе артық демеулік шылаулар

Қате сөйлем	Қате түрі	Дұрыс нұсқа
Бұл ауа райы тек мені шаршатты ма?	Тек сөзі мұнда демеулік шылаудың қызметін атқарады, бірақ "жалқылау" мағынасын күшейту үшін шылаудың қосымша формасы қажет.	Бұл ауа райы тек қана мені шаршатты ма?
Ол келді де, ешкімді көрмеді.	Де мұнда демеулік шылау емес, сабақтас жалғаулық (іс-әрекеттің біртіндеп орындалуы). Сондықтан оны демеулікпен ауыстыру керек.	Ол да келді, бірақ ешкімді көрмеді.

Осы тапсырмаларды қолдана отырып, оқушылардың демеулік шылаулардың мағыналық түрлерін (сұрау, күшейту, шектеу, нақтылау) қаншалықты меңгергенін тексеруге болады.

3)интерактивті диалог ұйымдастыру

Оқушы мен Gemini арасында диалог ұйымдастырылады, демеулік шылаулар міндетті түрде қолданылады. Бұл интерактивті тапсырмалар оқушылардың демеулік шылауларды тек тану емес, оларды белсенді түрде сөйлеу тілінде қолдану дағдысын дамытуға бағытталған.

Демеулік шылаулармен интерактивті диалогтар. Төменде берілген әр сценарий бойынша, оқушылар екі адамнан (А және Б) тұратын диалог құрастыруы керек. Әр оқушының репликасында жақша ішінде көрсетілген демеулік шылаулардың бірін немесе бірнешеуін міндетті түрде қолдануы тиіс.

1. Сценарий: Сабаққа дайындық

Жағдаят: Оқушы А ертеңгі емтиханға дайын емес екенін айтып шағымданады. Оқушы Б оны тыңдап, ақыл айтады.

8-кесте.

Рөл	Міндетті демеулік шылаулар	Үлгі (қолдану мақсаты)
Оқушы А (Шағымданушы)	(ғана, -ау, да)	Шектеу, өкіну.
Оқушы Б (Кеңес беруші)	(ба, ғой)	Сұрақ қою, нақтылау.

Үлгі: Диалогтың Бастамасы:

* Оқушы А: Осы емтиханнан мен ғана құлап қаламын-ау! Неге мен осыны да түсінбеймін?

* Оқушы Б: Неге олай дейсің? Сен барлық тақырыпты қарап шықтың ба? Қарап шықсаң, тапсыра аласың ғой.

2. Сценарий: Жаңа Жоба Ұсыну

Жағдаят: Оқушы А өзінің жаңа жобасын ұсынып жатыр, бірақ ол идеяның орындалуына күмәнданады. Оқушы Б жобаның жақсы жақтарын айтып, оның күмәнін сейілетеді.

9-кесте.

Рөл	Міндетті демеулік шылаулар	Үлгі (қолдану мақсаты)
Оқушы А (Күмәнданушы)	(-ау, -ды, -ме, тек)	Күдік білдіру, нақтылауды сұрау.
Оқушы Б (Сендіруші)	(ғана, -да, -ғой, -ақ)	Шектеу, күшейту, нақтылау.

Үлгі Диалогтың Бастамасы:

* Оқушы А: Бұл жоба өте күрделі -ау. Біз оны бітіре аламыз ба?

* Оқушы Б: Әрине, сен сенімсіз болмашы. Мұндағы ең бастысы тек қана сенің идеяның жаңашылдығы ғой.

3. Сценарий: Сатып Алу және таңдау

Жағдаят: Оқушылар дүкеннен зат сатып алу кезінде бірін-бірі таңдауға көндіруге тырысады.

10-кесте.

Рөл	Міндетті демеулік шылаулар	Үлгі (қолдану мақсаты)
Оқушы А (Таңдау ұсынушы)	(де, -ау)	Өтініш жасау, өз таңдауын күшейту.
Оқушы Б (Қарсы пікір айтушы)	(ғана, -дағы, -ма)	Шектеу, сұрау, қарсылықты күшейту.

Үлгі диалогтың бастамасы:

* Оқушы А: Мына көйлекті де қарашы. Саған осы көйлек те жақсы жарасады-ау!

* Оқушы Б: Жоқ, мен тек қана ақ түсті алғым келеді. Осы дүкенде ақ көйлек тағы бар ма?

Оқушыларға арналған қосымша тапсырма:

* Құрастырылған диалогтардағы барлық демеулік шылауларды тауып, олардың әрқайсысының мағыналық түрін (күшейту, шектеу, сұрау, т.б.) жазбаша анықтау.

* Әр демеулік шылаудың диалогқа қосқан эмоционалдық реңкін (мысалы, сенімділік, күдік, өтініш) түсіндіру. Сонымен қатар платформа оқушы деңгейіне бейімделген тапсырмалар құруға мүмкіндік береді.

Демеулік шылауларды меңгертуде мынадай әдістерді қолдану арқылы меңгертуге болады. Олар:

1) Сұрақ-жауап чат тренингі. Бұл әдістің тиімділігі сұраулық демеуліктерді жаттықтыруда байқалады. Мысалы:

- Сен бүгін мектепке барасың ба?

- Барамын ғой.

2) Ситуациялық рөлдік ойындар. Осы әдісті қолдану арқылы оқушыларға жағдаят ұсынып, сол жағдаяттан шығудың жолын демеулік шылауларды қолданып жүзеге асыруын талап етеміз. Мысалы:

Жағдаят: оқушы А сабаққа үнемі дайындалып келетін оқушы еді, әйткенмен осы жолы дайындалмай келеді, ал оқушы Б керісінше сабақ оқымайтын оқушы, бірақ бұл жолы

өткен тақырып оған ұнап, ол дайындалып келеді. Оқушы А дайындалмай келгенін оқушы Б-ға айтып, ұялып отырғанын айтады.

Жағдаяттан шығу үлгісі:

оқушы А: -Бүгін ғана сабаққа дайындалмай келіп едім. Менен сабақ сұраса, нашар баға алып қалатын болдым-ау.

оқушы Б: -Сен уайымдамай-ақ қой. Есесіне сабаққа бүгін мен дайындалып келдім ғой.

оқушы А: -Менен сұраса, жауап бере алмай тұрамын емес пе?

оқушы Б: -Жоқ, олай болмайды. Қаласаң, мен өзім-ақ осы тақырыпты саған түсіндірейін.

оқушы А: -Рас айтасың ба? Тамаша болар еді, ендеше өзің түсіндірші.

оқушы Б: -Әрине, кел жақындап отыра ғой.

3)Эмоциялық реңкті меңгертеді. Демеулік шылаулар арқылы эмоциялық реңкті меңгерту тапсырмалары. Бұл тапсырмалар оқушыларға демеулік шылаулардың сөйлемге тек грамматикалық мағына қосып қана қоймай, сөйлеушінің көңіл-күйін, эмоциясын және қарым-қатынасын қалай білдіретінін түсінуге бағытталған.

1. Тапсырма: Эмоциялық сәйкестікті табу. Төменде берілген сөйлемдерді оқыңыз. Сөйлемдегі қарамен жазылған демеулік шылаудың осы контексте білдіріп тұрған эмоциялық реңкін (көңіл-күйін) оң жақтағы бағаннан тауып, сәйкестендіріңіз.

11-кесте.

Сөйлем	Демеулік шылау	Сәйкес эмоциялық реңк
Сен осы жұмысты істей аласың ғой, басқа ешкім емес.	ғой	А. Күдік, белгісіздік
Мұны тек мен ғана білемін. Басқа ешкімге айтпа!	ғана	Б. Бұйрық, жұмсақ бұйрық
Ол бүкіл байлығын таратып жіберіпті-мыс! Қандай жомарт!	-мыс	В. Сенімділік, айқындау
Сен енді кешігіп келер ме екенсің?	ме	Г. Шектеу, ерекшелену
Айтқанымды тыңда да, содан кейін шешім қабылда.	-шы	Д. Таңдану, естігенге таңырқау
Біздің команда жеңетіні анық қой, дау жоқ!	қой	Е. Дәлелдеу, айғақтау

Жауап кілті: 1-В, 2-Г, 3-Д, 4-А, 5-Б, 6-Е.

2.Тапсырма: Эмоцияны өзгерту. Төмендегі берілген сөйлемдегі демеулік шылауды өзгерту арқылы, сөйлемнің эмоциялық реңкін жақша ішінде көрсетілгендей етіп қайта жазыңыз.

12-кесте.

Бастапқы сөйлем	Қажетті эмоциялық реңк	Қайта жазылған сөйлем
Сен барлық кітаптарды оқып шықтың ба?	Сенімділік, дәлелдеу	
Бұл ережені барлығы біледі ғой.	Күдік, болжам	
Ол ән салып тұр.	Күшейту, таңдану	

Үлгі жауаптар:

* Сен барлық кітаптарды оқып шықтың ғой! (Немесе: Сен барлық кітаптарды оқып шықтың емес пе?)

* Бұл ережені барлығы біледі-ау? (Немесе: Бұл ережені барлығы біледі ме екен?)

* Ол да ән салып тұр. (Немесе: Ол ән салады екен-ау.)

3. Тапсырма: Эмоциялық диалог құру. Төменде көрсетілген эмоциялардың тізбегіне сәйкес келетін, демеулік шылаулар қолданылған қысқа диалог құрастырыңыз.

13-кесте.

Рөл	Сөйлеушінің эмоциялық тізбегі	Қолданылатын демеулік шылаулар
Оқушы А	Қуаныш → Күшейту → Нақтылау	-ау, ғой
Оқушы Б	Таңдану → Сұрау → Күдік	-ба, -ме

Үлгі диалог:

* А: Олимпиададан бірінші орын алдым-ау! Сенің қолдауыңның арқасында жеттім ғой!

* Б: Шынымен бе? Бірінші орын алдың ба? Бұған сене алар ма екенмін!

4) Бағалау және диагностикалау. Google Bard/Gemini платформасының көмегімен оқушылардың алған ақпараты мен білімін тексеріп, нақты қателерді көрсете алатындай, өз бетінше түзету жолдарын ұсынып, жеткен нәтижелеріне өз бетінше баға бере алатындай, деңгейлік тапсырмаларды орындай алатындай кері байланыс түрлерін қолдануға жасауға мүмкіндік береді. Платформаның геймификациясы, жылдам кері байланыс бере алу мүмкіндігі, әр оқушының деңгейіне сәйкес бейімделе алуы оқушының демеулік шылауларды меңгеру жолындағы мотивациясын көтереді деп ойлаймыз. Төменде Gemini платформасының негізінде қолдануға болатын әдістерінің артықшылықтары көрсетілді:

14-кесте.

Артықшылық	Түсіндіру
жедел кері байланыс	қателерді бірден түзету
контекстік түсіндіру	нақты сөйлеу мәнерімен
жеке траектория	оқушыға бейімделу
уақыт үнемділігі	мұғалім жүктемесін азайтады

Әйткенмен әдістер мұғалімнің немесе оқулықтың рөлін толық алмастыра алмайтынын ескеру де керек. Сондықтан әдістердің шектеулері ретінде тұрақты интернетті қажет етуін, кейбір стильдік реңктерді тек шамалап талдайтынын, қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді ескермеуі мүмкін екенін айта кеткен жөн.

Google Bard/Gemini платформасы демеулік шылауларды меңгертуде инновациялық мүмкіндіктер ұсынады. Пайдаланушы деңгейін ескере отырып үлгі, талдау, кері байланыс арқылы грамматикалық категорияны тез әрі нәтижелі игеруге жағдай жасайды. Сандық ассистентті педагогикалық мақсатта дұрыс ұйымдастыру оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырады, тілдік материалды қолдану дағдыларын дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шақаман Ы. (1997). Қазіргі қазақ тіліндегі демеулік шылаулардың мағыналық құрамы. Филол.ғ.канд.дисс.авторефераты. -А.
2. Әміров Р. (1959). Қазақ тіліндегі жалғаулықтар. -А.
3. Ысқақов А. (1991). Қазіргі қазақ тілі. Морфология. -Алматы.
4. Ноғаев А. (2008). Қазақ тіліндегі демеулік шылаулардың қолданыстағы мағынасы мен қызметі. -Астана.

5. Иманалиева Ф. (1994). Қазіргі қазақ тіліндегі шылаулардың синтаксисі. -Алматы.

СПОСОБЫ ОСВОЕНИЯ ВСПОМОГАТЕЛЬНЫХ СЛУЖЕБНЫХ СЛОВ ЧЕРЕЗ ПЛАТФОРМУ GOOGLE GEMINI

Жильгелдиева Камшат

Научный руководитель: Балтабаева Ж.Қ.

В статье рассматриваются способы освоения вспомогательных служебных слов (демеулік шылаулар) в казахском языке с помощью платформы Google Gemini, основанной на искусственном интеллекте. Анализируя смысловые группы вспомогательных служебных слов, их функциональные особенности и трудности, возникающие при их изучении, предлагаются методы, направленные на развитие языковой компетенции учащихся с использованием диалоговых возможностей платформы, контекстного анализа, автоматической обратной связи и функций адаптивного оценивания.

Ключевые слова: Google Gemini, искусственный интеллект, вспомогательные служебные слова, цифровая платформа, функциональная грамотность.

WAYS TO MASTER AUXILIARY FUNCTION WORDS THROUGH THE GOOGLE GEMINI PLATFORM

Zhilgeldiyeva Kamshát

Scientific supervisor: Baltabayeva Zh.Q.

The article examines ways to master auxiliary function words (demeulik shylaulár) in the Kazakh language using the Google Gemini platform based on artificial intelligence. By analyzing the semantic groups of auxiliary function words, their functional features, and the difficulties that arise in teaching them, the article proposes methods aimed at developing students' linguistic competence using the platform's dialogic capabilities, contextual analysis, automatic feedback, and adaptive assessment functions.

Keywords: Google Gemini, artificial intelligence, auxiliary function words, digital platform, functional literacy.

References

1. Shakaman, Y. (1997). *The semantic composition of auxiliary function words (demeulik shylau) in the modern Kazakh language*. Abstract of Candidate of Philological Sciences dissertation. Almaty.
2. Amirov, R. (1959). *Conjunctions in the Kazakh language*. Almaty.
3. Yskakov, A. (1991). *Modern Kazakh language. Morphology*. Almaty.
4. Nogayev, A. (2008). *Meaning and function of auxiliary function words (demeulik shylau) in the Kazakh language in use*. Astana.
5. Imanaliyeva, G. (1994). *Syntax of function words (shylau) in the modern Kazakh language*. Almaty.